

## **NEW METHODS OF INDEPENDENT WORK STUDENTS IN TEACHING KAZAKH LANGUAGE**

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРДЫҢ ЖАҢАШЫЛ ӘДІС ТӘСІЛДЕРІ

**Ziyada ARTUKMATOVA**

Research Assistant, Kazakh State Women's Teacher Training University, [merry\\_life\\_93@mail.ru](mailto:merry_life_93@mail.ru)



### **Abstract**

This article is determined about formation of intellect and student's level education in independent work. Today, the time of science and technology is rapidly growing school textbooks and examination program. Only on the basis of high-quality training and self-study training students can take the high of intellect citizen. In this regard, each student aware of the foundations of the new science graduate school, and the further development of the acquired knowledge and skills.

The article of the self-formation of the child benefit and the development of business skills and knowledge will be valuable in developing the skills and competencies of absorption. In addition, cognitive problems have been kept to explore the need for the practical application of knowledge. To execute in the pupil of the complex process of self-study, student self-seeker, research, project planning, creative tasks are analyzed.

**Keywords:** Kazakh language, independent work, individual development, method, the learning process, experiment, skills.

### **Түйіндеме**

Мақалада оқушының өздік жұмысын жаңашыл әдіс-тәсілдер арқылы жасауға үйрету негізінде әрбір жеке тұлғаның өзіндік табиғатын қалыптастыру мен білімділік деңгейін көтерілуі қарастырылады. Бүгінгі таңдағы қарқындап өсіп отырған ғылым мен техника заманындағы мектеп бағдарламасы мен оқулықтарына сараптама жүргізілді. Сапалы оқыту және өздігінен оқып білім алуға баулу негізінде ғана оқушылардан парасатты азамат тәрбиелеп шығуға болады. Осыған орай, мектеп бітіруші әрбір оқушы ғылым негіздерінің жаңалықтарымен хабардар болып, кейін сол алған білім мен іскерлігін одан әрі дамытуға тиіс.

Мақалада өздік жұмыстың бала дамуына тигізер пайдасы мен іскерлік дағды қалыптастыруда және білім мен біліктілікті игеруде құнды құзыреттіліктерді сіңіруі қарастырылады. Сонымен қатар, танымдық мәселелерді шешуімен бірге игерілген білімдерді практикада қолдану қажеттігі зерделенеді. Өздік жұмыс жүргізген оқушымен жұмыс атқарудағы күрделі үрдіс, оқушының өздігінен ізденуі, зерттеу жұмыстарын жүргізуі, шағын жобаларына жоспар құруы, шығармашылық тапсырмаларды орындауы талданады.

**Тірек сөздер:** қазақ тілі, өздік жұмыс, тұлға, оқу-үдеріс, әдіс-тәсілдер, эксперимент, дағды.

Қазіргі таңда барлық ғылым саласында білім мазмұны мен көлемі қауырт өсіп отыр. Ғылыми-техникалық прогресс кезінде білім берудің міндеттерін жүзеге асыру да барынша

өзекті мәселелердің бірінен саналады. Оқыту үрдісінде оқушылардың өзіндік оқу жұмыстарын оңтайлы ұйымдастырудың тиімді әдістері мен тәсілдерін, оқыту түрлерін, нысандарын іздестіру өзекті сипатқа ие болады. Әсіресе, өзгетілді сыныптарда өздік жұмыстарын арнайы ұйымдастыру оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады. Бұл тіл үйренудегі өздік жұмыстың маңыздылығымен айқындалады.

Білім алушының өзіндік іс-әрекетін жаңа жағдайға байланысты оңтайлы ұйымдастыра білу маңызды. Өзгетілді мектептің 6-сыныбының өздік жұмысы – тіл үйренуші жеткіншектің қазақ тілінен білігін және білім сапасын арттырады. Осыған орай 6-сынып оқушысынан ой еңбегінің ұтымды әдістерін білуі, яғни аз уақыт кетіріп қажетті ақпаратты іздеп және меңгеруді, қазақ тілін дұрыс сөйлеу мен жаза білуді, теорияны, қазақ тілінен ережелер мен анықтамаларды жүйелеп және жіктей білуді, өз көзқарасын нақты айтып және дәлелдей білуді үйренуі талап етіледі.

Оқушының өздік жұмысы – бұл білім алушының дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызғушылығының қалыптасуына және нақты бір пән бойынша білім жинақтауына бағытталған оқушының оқу әрекетінің ерекше түрі. Өздік жұмыс оқушылардың шығармашылық қабілеті мен біліктерін дамытуда оқыту барысында тиімді, әрі өнімді еңбек етуіне мол мүмкіндіктер жасайды. Өздік жұмысты оңтайлы ұйымдастыру елеулі практикалық міндет және маңызды ғылыми проблема болып табылады. Оқыту үдерісінде тапсырма бойынша қойылған мәселені саналы түрде ақыл-ой мен пайымдау еңбектерін жұмсау арқылы нәтижеге қол жеткізеді. Оқушы қарапайым оқушылық деңгейден алгоритмдік деңгейді басып өтіп, ізденімдік деңгейде тіпті кейбір дарынды, таланты оқушылар шығармашылық деңгейден көрінуі анық. Өздік жұмыстың дұрыс ұйымдастырылуы мен тиімді жолдар арқылы орындалуы оқушының өздігінен жұмыс орындау біліктілігі мен дағысын қалыптастыра отырып, нәтижеге алып келеді.

Әдіс – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданатын тәсілдері. Олай болса, әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Өздік жұмыстарды дұрыс саралап, оқушының мағынаны тануға қызмет атқара алатын түрлерін жүйелеп алу – басты талап. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқытуда ең басты нәрсе – оқушылардың танымдық жұмыстары. Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады. Сыныпта орындалған өздік жұмыстар оқушының осы тұрғыдан іскерлік дағдысын қалыптастыра отырып, өзіндік тұжырым жасауына, шешім шығаруына, шығармашылыққа жетуіне ықпал етеді.

Бүгінгі таңдағы тіл үйретуші әрбір шығармашыл ұстаз үшін оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау әдісінің стратегиялары құнды әрі бағалы болмақ. Бұл стратегиялар оқушылардың білімге қызығушылығын арттыра отырып, ұстаздың алдына қойған мақсатына жетуіне жол нұсқайды. Сын тұрғысынан ойлауға құрылған сабақта мұғалімнің «сұрақ қою», «ой шақыру», «білім көпірі», «бес жолды өлең», «еркін жазу», «Инсерт кестесі», «Венн диаграммасы», «пікірталас», «болжау», «автор орындығы», «топтастыру», т.б. сынды стратегияларды орынды қолдануы оқушылардың іскерлік мотивациясын оятып, білімге ынталандырады. Сонымен қатар бұл стратегиялар оқушының көзқарасын, дүниетанымын дамытып, өз бетінше әрекет етуге, ізденуге құлшындырады. Мұндай нәтижелерге жетуге жүйелі жүргізілген төмендегі әдіс-тәсілдердің ықпал етері анық. Ұсынылып отырған әдіс-тәсілдер оқушылардың шығармашылық жұмыстармен айналысуына жол ашты.

### ***Психологиялық жаттығулар.***

**Мақсаты:** Стресс түсіру, жағымды көңіл-күй тудыру, сабаққа ынталандыру.

**Нәтиже:** Жағымсыз көңіл-күйді кетіріп, осы сабаққа жағымды көңіл-күй туғызады.

✓ Бүгінгі сабақ көңілді өтсін.




- ✓ Бүгінгі сабақта «5» деген баға алуыңа тілектеспін.
- ✓ Бүгінгі сабақтың қызықты өтетініне сенімдімін.
- ✓ Сабақта бір-бірімізді тыңдап, бірлесіп жұмыс жасайық.
- ✓ Сенің қазақ тілін тез меңгере алатынына сенемін.
- ✓ Сен грамматикалық тапсырмаларды жақсы білесің ғой, «5» аласың.
- ✓ Сабақта тапсырмаларды орындап, білімің тереңдесін.
- ✓ Бүгінгі сабақтан көп нәрсе үйренейік.
- ✓ Жарайсыңдар! Бәріңе сәттілік тілеймін!

**Венн диаграммасы.**

**Мақсаты:** Ойды жинақтап, ортақ қорытынды жасауға ықпал ету.

**Нәтиже:** Білім қорытындыланады, ортақ шешім, көзқарас анықталады.

Белгілі құбылыстарды салыстырады, ортақ қасиеттерін тауып, диаграмманы толтырады.



**Ақылдың алты қалпағы.**

**Мақсаты:** Мәселені барынша мұқият талқылап, баланың жалпы ойлау қызметін жетілдіру үшін ойдың, сананың түрлі аспектілерін жандандыру мақсатында қолданылатын әдіс.

**Нәтиже:** Алты қалпақтың әрқайсысы ойлаудың түрлі элементтерін, аспектілерін білдіреді. Оқушыларға қалпақ беріледі (рас қалпақ немесе ойдан шығарылған) де, олардан мәселені талқылау барысында барлық ой операцияларын (ойлану, талдау т.б.) осы қалпақтың түсіне сәйкес келетін шекте жүргізу сұралады. Бұл әдістің көздегені: осылайша мәселенің немесе ойдың барлық аспектілерін қамтитын карта жасау. Сынып топтарға бөлініп, бір топқа бір түсті қалпақ беріледі. Мұғалім әңгімені жүргізеді.

**Ақылдың алты қалпағы (Де Боно)**



**«Кім жылдам ойнайды?» ойыны.**

**Ойынның мақсаты:** Үй жануарлары мен үй құстары, жабайы аңдар мен

құстардың атын дұрыс айта білуге және есте қалдыруға үйрету. Ойынға керекті заттар: жануарлар мен құстардың суреті.

**Ойынның шартты:** Ненің даусы? Не қалай дыбыстайды? деген сұрақтарға жауап беруге жаттықтыру.

Нелер? Тауықтар, қаздар, қойлар, лақтар.

Үй жануарлары қалай дыбыстайды? (Үй жануарлары қайтеді?).

- Қой маңырайды.

- Сиыр мөңірейді, т.б.

Не қалай дыбыстайды? деген сұрақты оқушыларға қайта қойған кезде, олар дыбыстап көрсетеді, бұл ненің даусы екенін басқалар табады.

**«Кім жүйрік?» эстафетасы.**

**Ойынның мақсаты:** Берілген сөздерді қай топ тез және дұрыс аударарды. Бұл ойын барысында оқушылардың жылдамдығын, сабаққа деген дайындығын тексеру болып табылады.

**Нәтиже:** Оқушылардың есте сақтау қабілетін жақсартуға, сөздерді қайталау нәтижесінде тез жаттауға дағдыланады.

### **I қатар**

Житель – тұрғын

Центр – орталық

Будущее – болашақ

Священный – қасиетті

Столица – елорда, астана, бас қала.

Здание – ғимарат

Гостиница – қонақ үй

### **II қатар**

Облик города – қала келбеті

Гостеприимный – меймандос

Четко, ясно – айқын

Особенно – өзгеше

Размер, площадь – көлем

Улица – көше

Жилой дом – тұрғын үй

### **III қатар**

Представители наций – ұлт өкілдері

Памятник – ескерткіш

Раскрыть объятия – құшақ жаю



Высотный – зәулім

Знаменитый – әйгілі

Независимый – тәуелсіз

Красивый – әдемі, сұлу.

Мұндағы нәтиже тез жаттау және есте сақтау арқылы қазақ тілінен сөздік қорын молайтады.

Қорыта келе, қазақ тілін өзгетілді сыныптарда жүргізудің және өздік жұмыстар арқылы іскерлік дағды қалыптастырудың өзіндік ерекшелігі бар. Білім алушының білімін кеңейтіп, танымын, тілін дамыту сабақтағы әдістерді түрлендіре қолдануға, көрнекіліктерді, дидактикалық оқу материалдарын дұрыс жүйелеп пайдалануға тікелей байланысты.